

Н.К. Култанбаева^{1*}, С.С. Исакова¹, Г.Р. Әлімбек²¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(nuryku76@mail.ru, sabira-i@yandex.ru, alimbek_gaukhar@mail.ru)**Ұлттық танымның ертегі дискурсындағы көрінісі
(қазақ, орыс және араб материалдары негізінде)**

Дискурсология – қазақ тіл білімінде жаңа қалыптасқан ғылыми салалардың бірі. Қазақстандық зерттеушілер қатары бүгінде дискрустың анықтамасы, дискурс пен мәтін арақатынасы, дискурстың жанрлық түрлері туралы біраз зерттеулер жасады. Мақалада түрлі тілдердің ертегі дискурсындағы ұлттық таным мәселесі және ондағы ұлттық таным көрінісін нақты мысалдар арқылы талдайды. Авторлар ертегі дискурсындағы үштік мәселесін, яғни үш санына қатысты ұғымдарға мысалдар келтірген. Дискурстың бірден-бір тілдік бірлігі болатын ұлттық тіл мәселесіне тоқталған. Ұлттық тілдің әрбір этнос аясындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін орнататындығын, этикеттің қалыпты моделін және толықтай сөйлеу мәнерін анықтайтындығын, әр халықтың өзіне тән мәдени коды жайлы сөз болады. Дискурс айналымында ұлттық таным кілт сөздерге байланады деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар ертегі дискурсындағы эксплициттілік және имплициттілік мәселесі де қарастырылған. Ертегілерді ұлттық-мәдени элемент ретінде ала отырып, әр халықтың өзіне ғана тән бейнелеу образдарын мысалға келтірген. Олардың лингвомәдени және ұлттық танымдық сипатын анықтау бүкіл ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерін нақты танып-білуге септігін тигізеді, сондықтан да ертегілерді танымдық тұрғыда зерттеу антропоэкеттік парадигмада, тілді адаммен және оның әлемімен тығыз байланыста талдауды басшылыққа алу қажет деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: дискурс, дискурстық айналым, ертегі дискурсы, ұлттық таным, кілт сөздер, коммуникативтік қатынас, адресат, адресант, эксплицитті, имплицитті.

Kipicne

Қазіргі қазақ тіл білімі заман талабына сай жаңа бағыттағы зерттеулермен толықтырыла бастағаны белгілі. Солардың бірі ретінде тілдің жаңа парадигмада, яғни адамның танымдық қызметіне қатысты зерттелуімен ерекшеленетіндігін айтуға болады.

Сондай жаңа бағыттардың бірі – дискурс теориясы. Дискурс – пәнаралық зерттеу нысаны. Ол логика, психология философия, әлеуметтану, әдебиеттану тәріздес өзара байланысты ғылым салаларының жүйесін қамтиды. Бұл пәндердің әрқайсысы дискурсты өзінше зерттейді. Жалпы дискурс ұғымына түрліше анықтамалар беріліп жүр. Солардың бірі ретінде дискурсты адресат пен адресанттың арасындағы белгілі бір ұлттық ерешеліктерге негізделген, ортақ әңгіме барысында тілдік, әлеуметтік, этномәдениеттік, психологиялық ортақтықтары бар, соның арқасында тілдік тұлғалардың арасында орын алған коммуникативтік қатынас, яғни сөйлесім үлгісі деп тануға болады. Дискурсқа қатысушы екі тілдік тұлғаның да сөйлесім әрекеті барысында аялық білімі толық көрінеді. Ғалым Б. Қалиев: «Бұндай тілдік қарым-қатынас болу үшін ұлттық тіл, сол тілді қолданушы (адресант) және оны түсініп қабылдаушы (адресат) болуы шарт», – деп көрсетеді [1: 10]. Осыдан келіп, лингвистикада дискурсты тілдік коммуникацияның бір түрі ретінде қарастырады. Кең шеңберде алып қарар болсақ, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Ғалым Қ. Есенова дискурсқа қатысты өз көзқарасын былайша білдіреді: «... жағдаятқа және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс». Бұл аталғандардың барлығын ескере отырып, оған мысал немесе дәлел келтірер болсақ, дискурстың бірден бір тілдік бірлігі болатын ұлттық тілді алуға болады. Ұлттық тіл әрбір этнос аясындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін орнатады, этикеттің қалыпты моделін және толықтай сөйлеу мәнерін анықтайды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nuryku76@mail.ru

Эксперимент

Сөйлеу, баяндау әрекеті барысында сөйлеуші айтпақ болған ойын кейде ашық (эксплицитті), кейде жасырын түрде (имплицитті) түрде жеткізуі мүмкін. Қалай болған күнде де дискурс – ұлттық ерекшеліктерге негізделген күрделі құрылым. Олай болса, әрбір ұлттық тілдің өзіне ғана тән лингвомәдени бірліктері мен ерекше құралдары болады, олардың қатарына ертегілерді де жатқызуға болады. Одан әрі сөзіміз дәлелді болу үшін ертегі дискурсын талдап көрсек. Мысалы, «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде кездесетін мына жолдарға қарар болсақ:

... Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, жатсынуды сүйіменгі, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керкұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозысын бағып жүрген бір балаға кездеседі. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? - деп сұрапты.

– Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! — деп қоя беріпті бала [2: 33]. Бұл келтірілген мысалда баланың батырлықпен қатар жомарт, қайырымды, ел үшін туған ер боп өскенінен хабар берілсе, бала мен батырдың диалогінен баланың сыртқы түрінің соншалықты мүшкілдігін, тек кедей ғана емес, жетімдіктің зарын тартқан тұрмысын аз ғана сөзбен жеткізгенін көреміз. Батырдың сұрағына орай, бала да басынан кешкен жағдайын бірден шұбыртпай ырысының төгілу себебі мен әкесі жоқтықтан көрген күні күн еместігін, жалпы мәселенің мән жайын қысқаша баяндайды. Коммуникацияға қатысып тұрған екі адам да бір-біріне таныс емес. Тек жолшыбай кездескен адамдар. Жай жөн сұрасу барысында екі жақ та өз ойларын жасырын, астарлы түрде жеткізіп тұр. Солай бола тұра тараптар бір-бірін дәл түсініп, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіп тұр. Бұл қысқа қайырымды сұрақ-жауаптың өзінен батырдың адамгершілік қасиеті, жетім баланың психологиялық күйі, «жетім көрсең жебей жүр» дегенді басшылыққа алатын қазақи тәрбие, жөн сұрасу, жөнін айту жайы – барлығы көрініс береді. Сөйтіп, тілдік жағдаяттағы екі адамның бір-біріне сұрақ-жауап қоя отырып түсінісуі арқылы дискурс орнайды.

Ертегі дискурсынан бұдан басқа да ұлттық танымды аңғартатын көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, Кендебай батыр ханның ордасына келіп:

– Дат, тақсыр! – дейді.

– Даттың болса, айт! - дейді хан ақырып [2: 35]. Бұл үзіндіде ханның алдына келген қарашаның өтініш-тілегін білдіруінің бір түрі «дат» сөзі де, ханның ақырып сөйлеуі ханның әділетсіз, қатал екендігінен хабар беріп тұр. Ол алдына келген қарапайым халықтың мұң-зарын, өтініш-тілегін тындап, құлақ аса бермейді. Сөзі өтімді, әрі батылдықтың бір белгісі ретінде «дат, тақсыр» деп қысылмастан сөйлеу, әрине, батырға ғана тән қасиетті көрсетеді. Одан әрі ертегі желісі былайша жалғасады:

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым – Кендебай, ел мені Керкұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан [2: 35].

Бұл диалогте де «хан баласы емеспін, адам баласымын» деген сөзінен хакім Абайдың «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетіндей немесе Махамбеттің «қарадан біреу тусайшы, халықтың кегін қусайшы» деген арманын қазақ халқы қай кезде армандаған, баланы халықтың қамын ойлайтын азамат етіп өсіруді мақсат еткен. Сол өсиетті батырдың өмірлік кредосы етіп алған. Кендебай батыр осы елге келуінің себебі де жетімін жылатпау, елінің намысын қорғау екендігін бір ауыз сөзімен жеткізеді. Дала заңында қалыптасқан дәстүрге сай хан да сөзге тоқтап, батырға қызын беріп еліне қайтарады. Ертегінің осы бір үзіндісінен қазақ халқының дәстүр салты бойынша ел үшін туған ерге тән қасиеттер және ханның қолында қанша билік болса да сөзге тоқтау, сөз қадірін түсіну сияқты халық танымын көруге болады.

Ертегі дискурсында жалпы эпикалық заңдылық басшылыққа алынады, көбінесе үштік яғни үш санымен байланысты ұғым кездесіп отырады (*үш ұлы, үш қызы, үш рет ерлік жасау, ер кезегі үшке дейін деп сынаққа бару*). Бұндай үш санына байланысты оқиғалар желісі тепе-тең (*үш тапсырма, үш өсиет*) немесе оқиғалардың біртіндеп күрделенуі (*үшінші тапсырма, өсиеттің, сынақтың қиындай түсуі*) арқылы көрініс береді. Бұл да ертегі дискурсында көрінетін ұлттық танымның бірі іспетті киелі сан. Қазақ халқында, тіпті барлық халықтарда бар десе болғандай, яғни белгілі бір ұғымдық

мәні бар сандар болады. Мысалы, «ер кезегі үшке дейін», «Бог любить троицу», «үш күндігін ойламаған еркектен без, үш жылдығын ойламаған әйелден без» деген мақал-мәтелдермен қатар, «бес күн жалған», «үйірімен үш тоғыз» сияқты тұрақты оралымдар да кездеседі. Талдауға алынып отырған үш тілдің ертегісінде де үш, жеті, қырық сандары кездеседі. Мысалы, қазақтың «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісі немесе арабтың «Әли баба мен қырық қарақшы». Бұл сандардың әр халықта өзіндік бір сырлары болуы әбден мүмкін.

Қазақ халқында мифологиялық бейнелерге байланысты туған болса, орыс халқында үштік үйлесімділіктің символы болып саналған. Алайда бұл үйлесім тұрмыстық үйлесім емес, керісінше рухани үйлесім ретінде қабылданады. Христиан дінінде басты құлшылық – Святая Троица ұғымы бар. Осыдан келіп христиан дініндегі үштік бірлік «Бога – отца, Бога – сына и святого духа» [3: 168] ұғымы шығады.

Қазақтың ертегі дискурсында «бір ханның үш ұлы болыпты» деп басталып, үнемі кіші ұлының ақылды, тапқыр болуы жайында оқиғалар көбірек баяндалатын болса, орыс ертегілерінде керісінше, кіші ұлы ақымақ болып басталып, соңында сол кіші бала тапқыр, ақылды балаға айналады. Мысалы, «Иванушка дурачок» ертегісі. Олар үнемі жеңіске жетіп, таққа мұрагер болады. Сол сияқты сан есімдер заттанып қолданылуы да қазақы дискурста жиі қолданылатын тәсіл. Мысалы, «*Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт*», – деп шуылдасып жүр екен. «*Ерназардың сегізін көрейін*», – деп үйге кірмек болса, табақшылар – *Кім керек? Негып жүрген адамсың?*», – деп сұрайды. Төстік: – «*Маған Ерназардың сегізі керек*», – дейді. Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап табысады [2: 29]. Бұл сөйлемдерден Ер Төстіктің ағаларының өзге елде жүрсе де «Ерназардың сегізі» деген атпен зор құрметке ие болғандығын аңғаруға болады. Қазақтың салты бойынша сыйлы қонаққа арнайы табақ тарту үлкен құрметке ие болудың белгісі. Олай болса, бұл жерде де арнайылап «Ерназардың сегізі» атанып кеткен Ер Төстіктің ағаларының дәулетті, батыр, беделді адамдар екендігін хабарлап тұр. Бұл сияқты сөз қолданыстары қазақ ақындарының поэзияларында көптеп кездеседі. Мысалы, «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа қонғанда жер қайысқан қол едік» дейтін Махамбет Өтемісұлының өлең жолдарынан батыр, қайсар ақынның туыстарының да батырлар, елқорғаны болған азаматтар екендігі белгілі, яғни тектілікті көруге болады. Немесе хакім Абайдың «Сегізаяқ» өлеңіндегі «Атадан – алтау, анадан – төртеу жалғыздық көрер жерім жоқ» деп келетін жолдарынан ақынның туған бауырлары жөнінде, оның ішінде ер балаға қатысты айтылған ой екендігін білу қиын емес.

Нәтиже және талдау

«Тілдік таңбалардың сыртқы формасы, ішкі мазмұны және оның тыңдаушыға ықпал жасайтын, әсер ететін күші болады. Сөйлеуші тілдің осы қасиеттерін пайдалана отырып, оны өз мақсатына орай жұмсайды. Өйткені ешбір сөз мақсатсыз қолданылмайды. Өз мақсатына жету үшін сөйлеуші тілді қолдану арқылы тыңдаушыға әсер етіп, оны іске, әрекетке итермелейді. Сөйтіп ойын іске асырады» деген Б. Қалиевтің пікіріне сүйене отырып, «Ер Төстік» ертегісінен мысал ретінде мына үзіндіні алсақ: «...Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін, жасаудан Ақсырмалы сауытты берсін, түйеден Құба інгенді берсін», – дейді. Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық – жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген – түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен? Ақсырмалы сауыт – атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым қу бас дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін», – дейді. Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: «Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім, Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім, Ақсырмалы сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім», – депті. Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті» [2: 31]. Кенжекейдің әкесінен қимас затын сұрауы, оған әкесінің берген жауабы, сондай-ақ Кенжекейдің түсіндіруі имплицитті түрде өткенін көруге болады. Алайда, тыңдаушы бұл сөздерден «малдың құты», «ер балаға қалатын мұраның» не екенін білсе, қимас затқа айналуының себебін де түсінеді. Алайда сөйлеуші өз мақсатына тілді дұрыс қолдану арқылы жетіп тұр. Қазақтың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген мақалы осындай ойды аңғартса керек.

Қазақ дәстүрінде ер адамның орны үнемі жоғарыда болатыны белгілі. Барлық отбасы шаруасынан бастап, ел басқару, елдің ішкі, сыртқы шаруасын тек ерлер ғана шешкен. Сондықтан шаруа жайына келгенде әйел адам кіріспейді. Мысалы, Кенжекей атасына кісі жіберіп: «Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер», – деп хабар айтқызады. «Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін деген екен», – деп Ерназар болмастан әлгі жерге қонады. Қонысымды билейін

деген екен дегені де әйел адамға билік немесе келіндік ибаны ұстау салтын бұзуға жол бермеу бойынша Кенжекейдің айтқаны болмайды. Солай бола тұра жас келін естілігін білдіріп, көш жөнекей атасын қонақ етеді. *Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің зерделі екенін Ерназар сол арада біледі. «Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем», – деп өкінеді* [2: 30]. Кенжекейді өз әкесі де, қайын атасы да бір ауыз сөзі мен жай әрекетінен-ақ оны мойындайды. Орынды сөзге, орынды іске әркез мән беріп, сөзге тоқтаған қазақтың тағы да бір қасиетін көреміз. Әйелдің ақылды, батырға лайық жар болуы, жалпы әйел затының қоғамдағы алатын орнын көрсететін ертегілерді орыс халқының ертегілерінен де көруге болады. Бұл тұрасында орыстың атақты философы Н. Бердяев «Русская женщина есть тот вечный двигатель русской жизни, который заставляет ещё куда-то идти. Русская женщина здесь и сейчас; она видит то, что можно взять, мужчина всё видит и ничего брать не собирается... Русская женщина умеет быстро распорядиться насчёт того, что сделать и как, где и зачем» деп жазады [4: 154]. Осыған мысал, «Поди туда – не знаю куда, принеси то – не знаю что» ертегісінде басты кейіпкер Андрей өзінің өмірлік серігі Мария ханшайымды аңшылықта кездестіреді, ханшайым оған құс түрінде кездеседі. Бұдан байқайтынымыз құс әдетте, орыс халқында еркіндік пен бостандықтың символы болып табылады. Осының өзі алдағы уақыттағы сюжеттің дамуына алып келеді. Мария ханшайымға үйленгеннен кейін де Андрей мерген өзінің ел алдындағы «міндетін ұмытпайды», ол үнемі ел халқына қызмет етеді: «әр күн сайын таңертең орманға кіріп, аң аулап, оны патша асханасына апарады», бірақ өмірі кедейлікпен өте береді, ал Мария ханшайым молшылықта өмір сүру үшін не істеу керектігін біледі. Әйел ері үшін әрі жары, әрі ақылшысы болады. Ол былай дейді: *«Добудь-ка рублей сотню, купи на эти деньги шелку, я все дело поправлю»* [5: 55]. Одан әрі ертегішінің айтуынша, мерген Андрейдің ақылды жары Мария ханшайым асқан шеберлікпен жұмыс жасап, тұрмысын реттеуге көмектеседі. *«Андрей лег спать, а Марья-царевна стала ткать». «Всю ночь ткала и выткала ковер, какого в целом мире не выдывали: на нем все царство расписано, с городами и деревнями, с лесами и нивами, и птицы в небе, и звери в горах, и рыбы в морях; кругом луна и солнце ходят...»* [5: 56]. Орыс халқының тұрмыс салтында ері түнде тынығып ұйықтаса, әйелі үйдің бітпеген жұмыстарын түнімен жасайды, тігеді, тоқиды, т.б. Ал Мария ханшайымның осыншалық шеберлікпен тоқыған кілеміндегі көріністен біз ескі заманда адамдар Ресей жерін қалай елестеткенін, оның кең байтақ жерлерін, қандай байлыққа ие болғанын көреміз. Тек туған жерге деген сүйіспеншілік қана қиындықтарды жеңуге, адам таңқаларлық жұмыс жасауға итермелеген болар еді. Мария ханшайым тоқыған сондай туындыға тіпті, саудагерлер де бағасын бере алмауы соның дәлелі болса керек. Бұл жерден өнерді бағалай алатын дарынды орыс халқының қасиетін көруге болады. Шынайы өнер туындысын бағалау қиын. Дарынды орыс адамы өзіншіл болуы мүмкін емес, байлыққа, атаққа деген қызығушылығы жоқ. *«Марья-царевна отдаёт ковер мужу: – Понеси на гостинный двор, продай купцам, да смотри – своей цены не запрашивай, а что дадут, то и бери»* [5: 55]. Ертегідегі осы эпизодта орыс халқының еңбексүйгіштік, туған жерге деген сүйіспеншілік, талантты бағалай білуі сияқты элементтерін байқаймыз. Орыс халқының ғасырлар бойғы басты жауы билік өкілдері (шенеуніктер, жер иелері және т.б.) саналды. Бұл ертегіде біз нақты мемлекеттік иерархияны, патшаға сиынуды, оның бұйрықтарын ұқыпты орындауды байқаймыз. Саудагерлер кілемді бағалау үшін патшаның көмекшісіне және патшаның кеңесшісіне жүгінеді. Әдетте, патша ашкөз, жауыз адам болады да, кілемді өзіне қалдырып, Андрей мен Мария ханшайымды өлтіруді бұйырады. Бірақ халықтың шыдамының да шегі болады. Сол шыдам таусылып, бәрі ертегі соңында көрсетілгендей болады: *«Тут Андрей вынул дубинку: – Ну-ка, дубинка, обломай бока этому царю! Дубинка сама пошла колесом, с конца в конец перекидывается по чистому полю; нагнала царя и ударила в лоб, убила до смерти. Тут и сражению конец пришел. Повалил из города народ и стал просить Андрея – стрелка, чтоб взял он в свои руки все государство»* [5: 58]. Ертегілік ойлау заманауи адамгершілік бағытқа айналатын мүмкіндіктер ашады: туған жерін, отбасын сүю, өз халқының салт-дәстүрлерін еске түсіру, оларды бағалау, таралу тамырын білу; ешкімге қызғаныш білдірмеу және жамандық жасамау – содан кейін адам өзінің ар-ожданымен, жан дүниесіндегі тыныштықпен өмір сүреді және бақытты болады.

Ертегі дискурсында адресанттың танымына байланысты ой түйіні кілт сөздерге байланады. Сол кілт сөздер ұлттық таным негізінде қалыптасқан кодталған сөздер болуы тиіс. Себебі ол сөздердің әсер ету күші әлдеқайда күштірек. Кілт сөздер дискурстың ядросы іспетті. Адресатқа жеткенде кілт сөздер адресатты дискурстық айналымға жетелейді. Дискурстық айналым дегеніміз адресаттың дискурсты игеру барысында болатын құбылыс. Бұндай кілт сөздер қазақ, орыс ертегі дискурсында

батыр, мерген, ақылды әйел, жақсылық, жамандық сияқты сөздердің айналасында көрініс беретініне ертегіден алынған мысалдар арқылы көзіміз жетті. Біз одан әрі шығыс халықтарының танымына көз жүгіртсек, одан да әйелдің ақылдығы, әсіресе, қарапайым отбасыдан шыққан әйел адамның тапқырлығын, зеректігін көреміз. Оған себеп өмірден алынған тәжірибе, қиындықтарды жеңумен күресуді атауға болады. Мысалы, әйгілі «Мың бір түн» ертегісіндегі «علي بابا والأربعون لصاً», яғни «Әли баба және қырық қарақшы» хикаясында үй шаруасындағы Маржона атты ақылды әйел бірнеше мәрте қожайынына құрылған қауіптен айламен құтылып, соңында өзі де бақытқа қол жеткізеді. Бұл ертегі оқырманын араб халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-салтынан мол хабар береді. Араб ертегісі Шығыс Азияның жұмбақ әлеміне есік ашады. Бұл халықтың ертегісі де түрлі өмірлік жағдаяттарда қасиеттерді оқырманына шығыс даналығы арқылы адами моральдық құндылықтарды ашады.

كَانَ فِي قَدِيمِ الزَّمَانِ أَخُوَانٌ شَقِيقَانِ ، يُعِيشَانِ فِي بَلَدٍ مِنْ بِلَادِ الْفُرْسِ ، أَحَدُهُمَا غَنِيٌّ جِدًّا ، وَالْآخَرُ فَقِيرٌ جِدًّا ، وَاسْمُ الْغَنِيِّ «قَاسِمٌ» ، وَاسْمُ الْفَقِيرِ «عَلِيٌّ».

Бұл ертегіде бірі бай, бірі кедей ағайынды екі жігіт арасында өрбиді. Байы, әдеттегідей, мейірімсіз, сараң, кедей жігіт қолы ашық, жүрегі таза, қанағатшыл болып келеді. Мейірімділік, жомарттық, тапқырлық Әли баба мен Маржона арқылы беріліп, олар бақытты болады. Мысалы,

عَلِيٌّ أَبَا فَضْلٍ مَرْجَانَةٌ عَلَيْهِ ، فَزَوَّجَهَا ابْنُ أَخِيهِ مُكَافَأَةً لَهَا عَلَى مَعْرِوفِهَا وَذَكَائِهَا . وَأَصْبَحَ وَلَمْ يَنْسَ مِنْذُ ذَلِكَ الْيَوْمِ — مَلَكًا لِعَلِيٍّ أَبَا بَعْدَ قَتْلِ اللَّصُوصِ ، فَقَسَمَهُ وَبَيَّنَّهُمَا بِالسَّوِيَّةِ ، وَعَاشُوا جَمِيعًا الْكُنْزُ — وَهُمْ عَلَى أَسْعَدِ حَالٍ وَأَهْنَأِ بِالِ

[6]. طُولُ الْحَيَاةِ

Бұл үзіндіде немесе араб ертегісінің құрылымына тән «خاتمة القصة» яғни, эпилогте Маржона мен Әли бабаның отбасы бай да бақытты болып, ұзақ өмір сүреді. Үй күтушісі болған Маржонаны ақылы мен айласының арқасында Әли баба ағасының ұлына қосады. Тойымсыз, сараң кейіпкерлерді жаза күтеді (Қасым, атаман, қарақшылар). «Әли баба және қырық қарақшы» ертегісінің басты идеясы – адамдармен қарым-қатынасты жақсылық, мейірімділік, адалдық заңына сай құрған адам өмірдегі кез-келген қиындықты жеңіп шыға алады.

Жоғарыда атап кеткен ертегі дискурсындағы ұлттық танымға байланысты кілт сөздер араб тілінде келесідей сөздер болып келеді. Олар: دينار الجارية الكريمة – алтын ақшалар, асыл тастар, бай, кедей, динар, т.б. Сол сияқты إلى حمير الجارية – есекке мініп орманға бару, базардағы саудагерлер, зәйтүн майын сататын саудагер, т.б немесе «سُمُومًا أَقْبَلُ» тіркесіндегі симсим сөзі араб тілінде өсімдік атауы, яғни кунжут. Қасым үнгірге кіргенде тойымсыздығынан құпия сөзді ұмытып, барлық дәнді дақыл атаулының атын атап шақырады. سُمُومٌ – кунжут, атбас бұршақ – فُولٌ, чечевица – عَدَسٌ, бидай – قَمْحٌ, сұлы – جَمْصٌ, бұршақ – جَمْصٌ. Бұл сөздер арқылы шығыс халықтарының географиялық орнын (орман, тау), тұрмыс-тіршілігін (базар, сауда, дәнді дақыл атаулары арқылы егін шаруашылығын) көреміз. Шығыс ертегілерін оқу барында шығыс менталдылығының мынадай қырларын көруге болады. Онда бас кейіпкердің мәселесін шешу бірінші орында тұрады. Бас кейіпкер міндетті түрде идеалды тұлға, қоғамдық идеал болады да, ертегінің негізгі қазығы болып табылады. Сол идеалды тұлғаның бақытты өмірімен ертегінің аяқталуы халық идеалының жүзеге асуының құралы ретінде алынады. Содан кейінгі кейіпкерлер كهنه – көпес, إمبراطور – император, ماهر – шебер, اميرة – сұқыршы, اميرة – әмір, т.б. болып келеді де, негізгі кейіпкер ертегі соңында өзінің әлеуметтік шығу тегін өзгертеді. Мысалы, отыншы кедей Әли баба бай көпеске айналса, «Аладдин» ертегісінде тігіншінің баласы Аладдин сұлтанның күйеу баласы болып, кейін таққа отырады.

Араб-мұсылман қоғамында ер адам басты тұлға екендігі көпке мәлім. Сондықтан да болар араб ертегілерінде негізгі кейіпкерлер тек ер адамдар. Әйел бейнесі аз ғана мөлшерде көрінеді. Мысалға алынып отырған араб ертегісі әлемге әйгілі «Мың бір түн» жинағынан. Ал «Мың бір түн» ертегісі араб халифатының нағыз гүлденген дәуірінде жазылған деп болжанады. Соның бір көрінісі транзитті сауда орталықтары болған қалалар (Мекке, Бағдат, Басра, т.б.) және ондағы базарлар мен теңіз порттарымен байланысты оқиғалар ертегіде жиі кездеседі. Бұл да араб халқының даму дәуірінен, мәдениетінен хабар береді.

Осы сияқты ертегілердің ұлттық-мәдени ерекшелігі, ең алдымен, мәдениеттанымдық факторлармен айқындалады. Осылайша, ертегі дискурсы халықтың мәдени мұрасын көрсететін көркем дискурстың ерекше бір түрі бола отырып, ертегі мазмұнынан жоғарыда атап кеткен халықтың танымын, тұрмыс-тіршілігін, менталитетін көреміз. Онда халықтың арман-қиялы, олар армандаған

әділ басшы, ел қорғайтын азамат, адал жар бейнесі көрсетіліп, ертегі бейсаналық тұрғыда идеологиялық құрал ретінде қолданылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ғаламның тілдік бейнесіндегі ұлттық танымды айқындаушы лингвомәдени бірліктер қатарынан табылатын ертегілер қазақ халқының қоршаған орта, болмыс жайлы таным-тәжірибе ерекшелігін бүгінге дейін жеткізуші мәдениеттің аса құнды да, қажетті нысанының бірі болып табылады. Әрбір тіл өзіндік қабылдау тәсілдері мен болмысты ұйымдастыру ерекшеліктерімен сипатталады, ал сол арқылы берілетін мағыналар дүниетанымның біртұтас жүйесін құрайды. Ертегілерді ұлттық-мәдени элемент ретінде анықтауға болады. Ал, ұлттық-мәдени элемент дегеніміз – сол халықтың өзіне ғана тән бейнелеу образдары болып табылады. Олардың лингвомәдени және ұлттық танымдық сипатын анықтау бүкіл ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерін нақты танып-білуге септігін тигізеді. Сондықтан да ертегілерді танымдық тұрғыда зерттеу антропоэлектік парадигмада, тілді адаммен және оның әлемімен тығыз байланыста талдауды басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады.

Әдебиет тізімі

- 1 Калиұлы Б. Дискурс және оның тілдік белгілері / Б. Калиұлы. Дискурс теориясының өзекті мәселелері: Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. — 2011. — Б. 8–14.
- 2 Иванова Т.В. Ментальность, культура, искусство / Т.В. Иванова // Общественные науки и современность. — 2002. — № 6. — С. 168–177.
- 3 Қазақ ертегілері. — Алматы, 2003. — 172 б.
- 4 Бердяев Н.А. О культуре. Судьба России / Н.А. Бердяев // Антология культурологической мысли. — 2006. — С. 87–92.
- 5 Народные русские сказки / Избр. сб. А.Н. Афанасьева; тексты обраб. В.П. Аникиным. — М., 1983. — 239 с.
- 6 Мың бір түн [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: <http://www.safahat.org>.

Н.К. Култанбаева, С.С. Исакова, Г.Р. Әлімбек

Проявление национального познания в сказочном дискурсе (на материале казахского, русского и арабского языков)

В статье представлены художественные инструменты сказочного дискурса, подчеркивающие особенность народных сказок – прекрасных творений фольклора. Художественная специфика народных сказок, в том числе и казахских народных сказок, рассмотрена на конкретных примерах при сопоставлении словосочетаний сказочного контекста, разновидностей тропов, великолепных сравнений, логических словосочетаний. Авторами представлены этапы экспозиции и связи в сюжете сказки, особенности и социальный статус главного героя, которые далее передаются в тексте сказки. Так, применение различных художественно-изобразительных средств делает сказочный сюжет более сложным и интересным, например, при описании главного героя сказки, его героизма, героических поступков и сил. В сказочном дискурсе сказочный герой представлен как особый герой, безупречная личность, человек-борец за свою страну и землю. При этом использованы различные художественные средства для описания родной природы, окружающего мира. Сказки богаты эпитетами, сравнениями, метафорами, фразеологическими версиями. В статье культура раскрыта через призму сказочного текста; жизнь, мировоззрение народа, мировая картина, общенациональный колорит демонстрируют художественную ценность народных сказок такими беспрецедентными сравнениями.

Ключевые слова: дискурс, дискурсивный цикл, сказочный дискурс, национальное познание, сарказм, адресат, адресант, эксплицитность, имплицитность.

N.K. Kultanbaeva, S.S. Isakova, G.R. Alimbek

Manifestation of national knowledge in fairy-tale discourse (based on the materials of Kazakh, Russian and Arabic languages)

This article describes the artistic tools of fairy-tale discourse emphasizing that folk tales are a wonderful work of folklore. Artistic features of folk tales, including Kazakh folk tales, are described with a specific example when comparing phrases in the fairy text, varieties of poplar, magnificent equations, logical phrases. Authors of the article provide the stages of exposure and connection of fairy-tale plot, peculiarities and social status of the protagonist which further are transmitted in different ways in the text of the tale. For example, using a variety of artistic-pictorial words makes a fairy-tale plot complex and interesting. One of them is the description of the main character of the fairy tale, that is, heroism, his heroic deeds and forces. As noted in the fairy-tale discourse, the fairy-tale hero is described as a special hero, a man with an impeccable personality, a fighter for his country and land. Besides, various artistic means are used to describe the nature of the homeland, the world in an unprecedented way. Fairy tales are rich for epithets, comparisons, metaphors, phraseological units. The article reveals the culture in the fairy-tale text, the life, worldview of the people, the world picture, the national color, demonstrating the artistic value of folk tales with such unprecedented equality.

Keywords: discourse, discursive cycle, fairy-tale discourse, national cognition, keywords, communication, sarcasm, addressee, explicitness, implicitness.

References

- 1 Qaliuly, B. (2011). Diskurs zhane onyn tildik belgileri [Discourse and its language features]. Khalyqaralyq elektronды gylmi konferentsiia materialdary [Materials of the international electronic scientific conference]. Aktobe [in Kazakh].
- 2 Ivanova, T.V. (2002). Mentalnost, kultura, iskusstvo [Mentality, culture, art]. *Obshchestvennye nauki i sovremennost – Social sciences and modernity*, 6, 168–177 [in Russian].
- 3 Qazaq ertegileri. [Kazakh fairy tales]. (2003). Almaty [in Kazakh].
- 4 Berdiaev, N.A. (2006). O kulture. Sudba Rossii [About culture. The Fate of Russia]. *Antologiya kulturologicheskoi mysli – Anthology of Cultural Thought* [in Russian].
- 5 Afanasev, A.N. (Ed.). (1983). Narodnye russkie skazki [Russian folk tales]. Moscow [in Russian].
- 6 Myn bir tyn [The Thousand and One Nights]. Retrieved from <http://www.safahat.org> [in Arab].